**Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 10 сәуірдегі № А-4/130 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 мамырда № 4198 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 19 қазандағы № А-10/471 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 19.10.2015 № А-10/471 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

2) «Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

3) «Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

4) «Мүгедектерге кресло-арбалар беру үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

5) «Үйде оқитын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

6) «Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттар ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

7) «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

8) «Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына

қатысуға жолдамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
9) «Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттар ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
10) «Орламан мәртебесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
11) «Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
12) «Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
13) «Семей ядорлық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәліктер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
14) «Мүгедектерді санаторлы-курорттық емдеумен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
15) «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
16) «Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті ;
17) «Жұмыссыз азаматарға анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
18) «Мүгедектерді сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
19) «Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік сала мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары Д.З. Әділбековке жүктелсін.
3. Осы облыс әкімдігінің қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн аяқталған соң, алайда « Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің әлеуметтік халықты қорғау саласындағы стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 қаулысының қолданысқа енгізілгенінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облысының әкімі* *Қ.Айтмұхаметов*

Ақмола облысы әкімдігінің
2014 жылғы 10 сәуірдегі № А-4/130
қаулысымен бекітілді

# «Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту» мемлекеттік көрсетілген қызмет регламенті

## 1. Жалпы ережелер

1. «Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) « Ақмола облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушыдан (жұмыс берушіден немесе шетелдік қызметкерден) өтініштерді қабылдау және оларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші;

2) «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: электронды (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі:

көрсетілетін қызметті алушыға (көрсетілетін қызметті берушіге) шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту;

көрсетілетін қызметті алушыға (шетелдік қызметкерге) жұмысқа орналасуына рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту (бұдан әрі - рұқсат).

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген «Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге

тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандартының (бұдан әрі - Стандарт) 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызмет берушінің кеңсесі құжаттарды қабылдауды және тіркеуді іске асырады – 20 минут. Нәтижесі – тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат;

2) көрсетілетін қызмет берушінің басшылығы құжаттармен танысады – 30 минут. Нәтижесі – орындау үшін жауапты орындаушыны белгілеу;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттардың толықтығын тексереді:

рұқсат беруіне – 40 (қырық) жұмыс күнінің ішінде;

қайта рәсімдеу рұқсаты – 30 (отыз) жұмыс күнінің ішінде;

ұзарту рұқсаты – 7 (жеті) жұмыс күнінің ішінде;

жұмысқа орналасу рұқсатын беру және ұзарту – 30 (отыз) жұмыс күнінің ішінде;

жұмысқа орналасуға рұқсат беруді қайта рәсімдеу – 2 (екі) жұмыс күнінің ішінде. Нәтижесі - рұқсатты дайындау;

4) көрсетілетін қызмет берушінің басшылығы құжаттармен танысады – 30 минут. Нәтижесі – рұқсатқа қол қою;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілетін қызмет алушыға мемлекеттік қызметтің нәтижесін ұсынады – 20 минут. Нәтижесі - көрсетілетін қызмет алушының мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі журналға қол қоюы.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесіне қатысатын көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызмет берушінің кеңсесі;

2) көрсетілетін қызмет берушінің басшылығы;

3) көрсетілетін қызмет берушінің жауапты орындаушысы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) кезеңділігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызмет берушінің кеңсесі басшылыққа бұрыштама қою үшін

құжаттарды басшылыққа жолдайды - 20 минут;
2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы бұрыштама қояды, құжаттарды жауапты орындаушыға жібереді - 30 минут;
3) көрсетілетін қызмет берушінің жауапты орындаушысы құжаттарды басшылыққа жолдайды:
рұқсат беруге – 40 (қырық) жұмыс күнінің ішінде;
қайта рәсімдеу рұқсаты – 30 (отыз) жұмыс күнінің ішінде;
рұқсатты ұзарту – 7 (жеті) жұмыс күнінің ішінде;
жұмысқа орналасу рұқсатын беру және ұзарту – 30 (отыз) жұмыс күнінің ішінде;
жұмысқа орналасуға рұқсатты қайта рәсімдеу – 2 (екі) жұмыс күнінің ішінде;
4) көрсетілетін қызмет берушінің басшылығы рұқсатқа қол қояды – 30 минут;
5) көрсетілетін қызмет берушінің кеңсесі көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесін береді – 20 минут.
8. Рәсімдер (іс-қимылдар) кезеңділігінің сипаттамасы осы Регламенттің 1-қосымшасына сәйкес блок-схемамен сүйемелденеді.

## 4. «Электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталымен өзара әрекет етудің тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

9. Портал арқылы көрсетілетін қызмет берушінің қадам бойынша әрекеті және шешімі:
1) көрсетілетін қызмет алушы жеке сәйкестендіру нөмірінің (бұдан әрі – ЖСН) және бизнес-сәйкестендіру нөмірінің (бұдан әрі – БСН), сондай-ақ паролінің (Порталда тіркелмеген көрсетілетін қызмет алушылар үшін іске асырылады) көмегімен Порталда тіркеуді іске асырады;
2) 1-процесс – қызмет алу үшін көрсетілетін қызметті алушының ЖСН/БСН және паролін енгізу процесі (авторизациялау процесі);
3) 1-шарт – Порталда ЖСН/БСН және пароль арқылы тіркелген көрсетілетін қызмет алушы туралы деректердің түпнұсқалығын тексеру;
4) 2-процесс – Порталмен көрсетілетін қызмет алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты авторизациядан бас тарту туралы хабарлама қалыптастыруы;
5) 3-процесс – көрсетілетін қызмет алушының осы Регламентте көрсетілген қызмет таңдауы, қызмет көрсету үшін сұрау салу нысанын экранға шығару, Стандарттың 9-тармағында көрсетілген электронды түрде қажетті құжаттардың көшірмелеріне сұрау салу нысанына бекітілген құрылымы мен форматтық талаптарды ескере отырып, көрсетілетін қызмет алушымен нысандарды

толтыруы (деректерді енгізу), сондай-ақ көрсетілетін қызмет алушының сұрау салуды растауы (қол қою) үшін электрондық цифрлық қолтаңбаның (бұдан әрі – ЭЦҚ) тіркеу куәлігін алуы;

6) 2-шарт – Порталда ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолдану мерзімін және кері қайтарылған (жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімінде жоқтығын, сондай-ақ сәйкестендіру мәліметтерінің (сұрау салуда көрсетілген ЖСН/БСН және ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН/БСН арасындағы) сәйкестілігін тексеру;

7) 4-процесс – көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ түпнұсқалының расталмауына байланысты сұратылып отырған қызметтен бас тарту туралы хабарлама құрастыру;

8) 5-процесс – көрсетілетін қызмет алушымен сұрау салуды пысықтау үшін « электрондық үкімет» өңірлік шлюзінің автоматтандырылған жұмыс орнына ( бұдан әрі – ЭҮӨШ АЖО) «электрондық үкімет» шлюзі (бұдан әрі – ЭҮШ) арқылы көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ расталған (қол қойылған) электрондық құжатты (көрсетілетін қызметті алушының сұрау салуын) жолдау;

9) 3-шарт – көрсетілетін қызмет беруші Стандартта көрсетілген көрсетілетін қызметті алушының қоса ұсынған құжаттарының сәйкестілігін және қызмет көрсету үшін негіздемені тексереді;

10) 6-процесс – көрсетілетін қызмет алушының құжаттарында бұзушылықтар орын алған жағдайда сұратылып отырған қызметтен бас тарту туралы хабарлама құрастыру;

11) 7-процесс – көрсетілетін қызмет алушының Порталмен құрастырылған қызмет нәтижелерін алуы (электрондық құжат нысанындағы хабарлама). Электрондық құжат көрсетілетін қызмет берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ пайдалана отырып құрастырылады.

10. Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде іске қосылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара әрекет етуі осы Регламенттің 2-қосымшасына сәйкес диаграммада келтірілген.

11. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің) өзара әрекет етудің, рәсімдері (әрекеттері) кезеңділігінің толық сипаттамасы және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы регламенттің 3, 4-қосымшаларына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

Ескерту. Регламент 11-тармақпен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 05.01.2015 № А-1/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Шетелдік қызметкерге жұмысқа
орналасуға және жұмыс берушілерге

тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламентіне 1-қосымша

## Рәсімдер (іс-қимылдар) кезеңділігінің сипаттамасы




Ескерту: қысқарған сөздердің толық жазылуы:
ҚФБ – құрылымдық-функционалдық бірлік

«Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға

рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламентіне 2-қосымша

## Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара әрекет етудің диаграммасы




Ескерту: қысқарған сөздердің толық жазылуы:
АЖ Порталы - ақпараттық жүйе порталы
ЭҮШ - электронды үкімет шлюзі
АЖО - автоматтандырылған жұмыс орны
ӨЭҮШ - өңірлік электронды үкімет шлюзі

«Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламентіне 3-қосымша

## «Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру

**үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетудің бизнес-үрдіс анықтамалығы**

(мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы)

Ескерту. Регламент 3-қосымшамен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 05.01.2015 № А-1/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.




*ҚФБ - құрылымдық-функционалдық бірлік: қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің), халыққа қызмет көрсету орталығының, « электрондық үкімет» веб-порталының өзара әрекет етуі;




«Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламентіне 4-қосымша

## «Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бизнес-процестерінің анықтамалығы

Ескерту. Регламент 4-қосымшамен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 05.01.2015 № А-1/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.




*ҚФБ - құрылымдық-функционалдық бірлік: қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің), халыққа қызмет көрсету орталығының, «электрондық үкімет» веб-порталының өзара әрекет етуі;

 - мемлекеттік қызметті көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;

 - қызмет алушының және (немесе) ҚФБ рәсімінің (әрекетінің) атауы;

 - келесі рәсімге (әрекетке) өту.

Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 10 сәуірдегі № А-4/130 қаулысымен бекітілді

## «Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

### 1. Жалпы ережелер

1. «Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) аудандардың және облыс маңызы бар қалалардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші);

2) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚКО);

3) кент, ауыл, ауылдық округ әкімі (бұдан әрі – ауылдық округ әкімі) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тағайындау туралы хабарлама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі болып табылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген «Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау » мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандартының (бұдан әрі - Стандарт) 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің ( іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі немесе ауылдық округ әкімі құжаттарды қабылдауды және тіркеуді іске асырады – 20 минут. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушыға қолхат беру;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы немесе ауылдық округтің әкімі құжаттармен танысады – 20 минут. Нәтижесі - жауапты орындаушыны белгілеу;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттардың толықтығын тексереді – 1 жұмыс күні. Нәтижесі – құжаттарды учаскелік комиссияның қарауына жіберу;

4) учаскелік комиссия көрсетілетін қызметті алушының (отбасының) материалдық жағдайын тексереді - 1 жұмыс күні. Нәтижесі - көрсетілетін қызметті алушының (отбасының) материалдық жағдайын тексеру актісі және көрсетілетін қызметті алушыға атаулы әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі немесе бас тарту туралы қорытынды (бұдан әрі - қорытынды).

5) ауылдық округ әкімі тексеру актісімен және қорытындысымен танысады – 9 жұмыс күні. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті берушіге тексеру актісін және қорытындыны жіберу;

6) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы тексеру актісімен және қорытындысымен танысады – 6 жұмыс күні. Нәтижесі – мемелекеттік қызмет тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралыхабарлама дайындау;

7) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы ұсынылған құжаттармен танысады – 20 минут. Нәтижесі - мемлекеттік қызмет тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы хабарламаға қол қою;

8) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы хабарламаны береді немесе ауылдық округтің әкіміне жолдайды – 15 минут. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету

жөніндегі журналға қол қоюы;

9) ауылдық округ әкімі көрсетілетін қызметті алушыға хабарламаны немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты береді – 20 минут. Нәтижесі - көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі журналға қол қояды.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесіне қатысатын көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) ауылдық округ әкімі;

2) уәкілетті органның басшылығы;

3) уәкілетті органның жауапты орындаушысы;

4) учаскелік комиссия.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) кезеңділігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі бұрыштама қою үшін басшылыққа құжаттарды жолдайды - 15 минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы бұрыштама қояды, құжаттарды жауапты орындаушыға жібереді - 15 минут;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттарды материалдарымен қоса учаскелік комиссияға жолдайды - 1 жұмыс күні;

4) учаскелік комиссия тексеру актісін ауылдық округ әкіміне немесе көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды – 2 жұмыс күні;

5) ауылдық округ әкімі тексеру актісін уәкілетті органға жолдайды - 9 жұмыс күні;

6) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы хабарламаға немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қояды – 15 минут;

7) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесін береді немесе ауылдық округ әкіміне мемлекеттік қызметті тағайындау туралы хабарламаны немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жібереді - 15 минут.

8. Рәсімдер (іс-қимылдар) кезеңділігінің сипаттамасы осы Регламенттің 1-қосымшасына сәйкес блок-схемамен сүйемелденеді.

## 4. Халыққа қызмет көрсету орталығымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Орталыққа Стандарттың 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды ұсынады.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстары болып табылатын көрсетілетін қызметті алушының тұлғасын растайтын мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші электронды-цифрлық қол қойылған электронды құжаттар нысанында орталықтардың ақпараттық жүйесі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Орталықтың қызметшісі құжаттардың түпнұсқаларын мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен ұсынылған мәліметтерімен салыстырып тексереді, сонан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызмет алушыға қайтарады.

10. Барлық қажетті құжаттарды тапсырғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттарды қабылдағандығы туралы қолхат беріледі:

төмендегілерді көрсету арқылы, тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат:

өтінішті қабылдаған күні мен нөмірі;

сұратылып отырған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің түрі;

қоса ұсылынған құжаттардың саны мен атауы;

құжаттың берілген мерзімі, уақыты мен орны; құжаттарды ресімдеуге қабылдаған Орталық қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты;

көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты,әкесінің аты, уәкілетті өкілдің тегі, аты,әкесінің аты және байланыс телефондары.

11. Мемлекеттік қызметті көрсету мақсатында, көрсетілетін қызметті берушіге сұраныс жіберіледі.

12. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру (немесе бермеу туралы хабарлама) «терезе» арқылы жеке өзі орталыққа өтініш білдірген жағдайда іске асырылады.

13. Егер де, көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды алу үшін орталыққа уақытында өтініш білдірмеген болса, онда орталық құжаттардың сақтауын 1 ай қамтамасыз етеді. Құжаттарды қабылдаудан бас тартқан жағдайда, Орталық қызметкері мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыға жетіспейтін құжаттарды көрсету арқылы қолхат береді.

14. Бас тартылған жағдайда, Орталық қызметкері көрсетілетін қызметті

алушыға 1 күн ішінде хабарлайды және мемлекеттік мекеменің бас тарту туралы жазбаша негіздемесін береді.

15. Мемлекеттік қызметті көрсетуден:

балалар толық мемлекеттік қамсыздандыруда болған кезде бас тартылады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, ХҚО қызметкері құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

16. Мемлекеттік қызметті көрсетуге тартылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара әрекет етуі 2-қосымшада келтірілген.

17. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) ретін, көрсетілетін қызметті берушінің толық сипаттамасы құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының, сонымен қатар Орталықпен өзара іс-қимыл тәртібінің осы регламенттің 3 және 4-қосымшаларына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

Ескерту. Регламент 17-тармақпен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 05.01.2015 № А-1/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламентіне 1-қосымша

## Рәсімдер (іс-қимылдар) кезеңділігінің сипаттамасы




Ескерту: қысқарған сөздердің толық жазылуы:
ҚФБ – құрылымдық-функционалдық бірлік

«Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламентіне 2-қосымша

## Рәсімдер (іс-қимылдар) кезеңділігінің сипаттамасы




Ескерту: қысқарған сөздердің толық жазылуы:
ҚФБ – құрылымдық-функционалдық бірлік

«Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламентіне 3-қосымша

## «Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетудің бизнес-үрдіс анықтамалығы

Ескерту. Регламент 3-қосымшамен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 05.01.2015 № А-1/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.




*ҚФБ – құрылымдық-функционалдық бірлік: көрсетілетін қызмет алушы мен құрылымдық қызметкерлердің арасындағы өзара қарым-қатынасы, халыққа қызмет көрсету орталығы, «электронды үкімет» веб-порталы;

- мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетудің басы мен аяғы;

- көрсетілетін қызмет алышымен немесе ҚФБ іс-әрекетінің атауы;

- келесі іс-әрекетке көшу.

«Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау»

мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламентіне 4-қосымша

## «Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетудің бизнес-үрдіс анықтамалығы

Ескерту. Регламент 4-қосымшамен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 05.01.2015 № А-1/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.




*ҚФБ – құрылымдық-функционалдық бірлік: көрсетілетін қызмет алушы мен құрылымдық қызметкерлердің арасындағы өзара қарым-қатынасы, халыққа қызмет көрсету орталығы, «электронды үкімет» веб-порталы;

- мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетудің басы мен аяғы;

- көрсетілетін қызмет алышымен немесе ҚФБ іс-әрекетінің атауы;

- келесі іс-әрекетке көшу.

Ақмола облысы әкімдігінің
2014 жылғы 10 сәуірдегі № А-4/130
қаулысымен бекітілді

## «Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

### 1. Жалпы ережелер

1. «Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерімен ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: қағаз түрінде.

3. Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама (бұдан әрі - хабарлама) көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі болып табылады.

### 2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген «Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет

Стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттарды қабылдауды және тіркеуді іске асырады – 15 минут. Нәтижесі – тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы құжаттармен танысады – 15 минут. Нәтижесі – орындау үшін жауапты орындаушыны белгілейді;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттардың толықтығын тексереді – 9 жұмыс күні. Нәтижесі – хабарламаны дайындау;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы құжаттармен танысады – 15 минут. Нәтижесі – хабарламаға қол қоюы;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметтің нәтижесін береді – 15 минут. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі журналға қол қоюы.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) кезеңділігінің сипаттамасы:

1) уәкілетті органның кеңсесі бұрыштама қою үшін құжаттарды басшылыққа жолдайды - 15 минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы бұрыштама қояды, құжаттарды жауапты орындаушыға жібереді - 15 минут;

3) жауапты орындаушысы құжаттарды материалдарымен қоса басшылыққа жолдайды – 9 жұмыс күні;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы хабарламаға қол қояды – 15 минут;

5) уәкілетті органның кеңсесі көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесін береді – 15 минут.

8. Рәсім (іс-қимыл) кезеңділігінің сипаттамасы осы регламенттің 1-

қосымшасына сәйкес блок-схемамен сүйемелденеді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 05.01.2015 № А-1/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің) өзара әрекет етуінің, рәсімдері ( әрекеттері) кезеңділігінің толық сиппатамасы осы Регламенттің 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

Ескерту. Регламент 9-тармақпен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 05.01.2015 № А-1/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламентіне 1 қосымша

## Кезектілік сипаттамасының және ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің өзара әрекет етуінің блок-схемасы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 05.01.2015 № А-1/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.




Ескерту: қысқарған сөздердің толық жазылуы:
ҚФБ – құрылымдық-функционалдық бірлік

«Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламентіне 2-қосымша

## «Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетудің бизнес-үрдіс анықтамалығы

Ескерту. Регламент 2-қосымшамен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 05.01.2015 № А-1/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.




*ҚФБ – құрылымдық-функционалдық бірлік: көрсетілетін қызмет алушы мен құрылымдық қызметкерлердің арасындағы өзара қарым-қатынасы, халыққа қызмет көрсету орталығы, «электронды үкімет» веб-порталы;




Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 10 сәуірдегі № А-4/130 қаулысымен бекітілді

**«Мүгедектерге кресло-арбалар беру үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Мүгедектерге кресло-арбалар беру үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: қағаз.

3. Мүгедектерге кресло-арбалар беру мерзімдерін көрсету арқылы құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі болып табылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген «Мүгедектерге кресло-арбалар беру үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің ( іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттарды қабылдауды және тіркеуді іске асырады – 15 минут. Нәтижесі – тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы құжаттармен танысады – 15 минут. Нәтижесі - орындау үшін жауапты орындаушыны белгілеу;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттардың толықтығын тексереді – 9 жұмыс күні. Нәтижесі – хабарламаны дайындау;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы құжаттармен танысады – 15 минут. Нәтижесі – хабарламаға қол қою;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама береді – 15 минут. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі журналға қол қоюы.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) кезеңділігінің сипаттамасы:

1) уәкілетті органның кеңсесі бұрыштама қою үшін құжаттарды басшылыққа жолдайды - 15 минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы бұрыштама қояды, құжаттарды жауапты орындаушыға жібереді - 15 минут;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттарды материалдарымен қоса басшылыққа жолдайды – 9 жұмыс күні;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы хабарламаға қол қояды – 15 минут;

5) уәкілетті органның кеңсесі хабарламаны береді – 15 минут.

8. Рәсім (іс-қимыл) кезеңділігінің сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасына сәйкес блок-схемамен сүйемелденеді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 05.01.2015 № А-1/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің) өзара әрекет етуінің, рәсімдері (әрекеттері) кезеңділігінің толық сиппатамасы осы Регламенттің 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

Ескерту. Регламент 9-тармақпен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 05.01.2015 № А-1/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Мүгедектерге кресло-арбалар беру үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілген қызметтің регламентіне 1 қосымша

## Кезектілік сипаттамасының және ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің өзара әрекет етуінің блок-схемасы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 05.01.2015 № А-1/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.




Ескерту: қысқарған сөздердің толық жазылуы:
ҚФБ – құрылымдық-функционалдық бірлік

«Мүгедектерге кресло-арбалар беру үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламентіне 2-қосымша

## «Мүгедектерге кресло-арбалар беру үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетудің бизнес-үрдіс анықтамалығы

Ескерту. Регламент 2-қосымшамен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 05.01.2015 № А-1/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.




*ҚФБ – құрылымдық-функционалдық бірлік: көрсетілетін қызмет алушы мен құрылымдық қызметкерлердің арасындағы өзара қарым-қатынасы, халыққа қызмет көрсету орталығы, «электронды үкімет» веб-порталы;

- мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетудің басы мен аяғы;

- көрсетілетін қызмет алышымен немесе ҚФБ іс-әрекетінің атауы;

- келесі іс-әрекетке көшу.

Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 10 сәуірдегі № А-4/130 қаулысымен бекітілді

**«Үйде оқитын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Үйде оқитын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) аудандардың және қалалық маңызы бар қалалардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші);

2) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚКО);

3) үйде оқитын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау туралы ақпарат беру бөлігінде «электронды үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: электрондық және (немесе) қағаз.

3. Үйде оқитын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау туралы хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі болып табылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген «Үйде оқитын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандартының (бұдан әрі - Стандарт) 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (

іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:
1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттарды қабылдауды және тіркеуді іске асырады – 15 минут. Нәтижесі – тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат;
2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы құжаттармен танысады – 15 минут. Нәтижесі – орындау үшін жауапты орындаушыны белгілеу;
3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттардың толықтығын тексереді – 9 жұмыс күні. Нәтижесі – хабарламаны дайындау;
4) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы құжаттармен танысады – 15 минут. Нәтижесі – хабарламаға қол қою;
5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушыға немесе Орталық қызметкеріне хабарлама береді – 15 минут. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушының немесе Орталық қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі журналға қол қою.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:
1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;
2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы;
3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.
7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) кезеңділігінің сипаттамасы:
1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі бұрыштама қою үшін басшылыққа құжаттарды жолдайды - 15 минут;
2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы бұрыштама қояды, құжаттарды жауапты орындаушыға жібереді - 15 минут;
3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттарды материалдарымен қоса басшылыққа жолдайды – 9 жұмыс күн;
4) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы хабарламаға қол қояды – 15 минут;
5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі хабарлама береді – 15 минут.
8. Рәсімдер (іс-қимылдар) кезеңділігінің сипаттамасы осы Регламенттің 1-қосымшасына сәйкес блок-схемамен сүйемелденеді.

## 4. Халыққа қызмет көрсету орталығымен және (немесе) «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталымен өзара әрекет ету тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Орталыққа Стандарттың 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстары болып табылатын жеке басын куәландыратын құжаттардың мәліметін Орталықтың қызметшісі тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелердің мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингісінің ақпараттық жүйесінің көмегімен электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық мәліметтер түрінде алады.

Орталықтың қызметшісі құжаттардың түпнұсқаларын мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен ұсынылған мәліметтерімен салыстырып тексереді, сонан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

10. Барлық қажетті құжаттарды тапсырғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттарды қабылдағандығы туралы қолхат беріледі төмендегілерді көрсету арқылы, тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат:

өтінішті қабылдаған күні мен нөмірі;

сұратылып отырған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің түрі;

қоса ұсылынған құжаттардың саны мен атауы; құжаттың берілген мерзімі, уақыты мен орны; құжаттарды ресімдеуге қабылдаған Орталық қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты;

көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты, уәкілетті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты және байланыс телефондары.

11. Мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру Орталыққа жеке хабарласқан кезде «терезе» арқылы іске асырылады.

12. Егер де, көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды алу үшін орталыққа уақытында өтініш білдірмеген болса, онда орталық құжаттардың сақтауын 1 ай қамтамасыз етіп,содан кейін Орталық мұрағатына жібереді.

13. Бас тартылған жағдайда, Орталық қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға 1 күн ішінде хабарлайды және көрсетілетін қызметті берушіге кері қайтару себебі туралы жазбаша негіздемесін береді.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті берішінің берілмеуінің негіздемесі:

Егер, көрсетілетін қызметті алушының тізілімге сәйкес қажетті құжаттар толық болмаған жағдайда, Стандарттың 9-тармағында көрсетілген, көрсетілетін қызметті алушы Орталықтан құжаттарды қабылмаудың қолхаты беріледі.

